



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№
19.06.2023 № 2 ге

Тұрақты комиссиялардың 2023 жылғы 19 маусымдағы қаулысы

Астана қаласында мемлекеттік-жекешелік әріптестікті іске асыру нәтижелері

Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары (бұдан әрі – Тұрақты комиссиялар) атқарушы органдардың Астана қаласында мемлекеттік-жекешелік әріптестікті іске асыру нәтижелері туралы ақпаратын тыңдап, мыналарды атап өтеді.

2017 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде Астана қаласының әкімдігі мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша 15 шарт жасасты, оның ішінде 11 жоба бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылданды.

Жасалған шарттардың негізгі үлесі әлеуметтік салаға тиесілі. Қолданыстағы 15 шарттың 8-і білім беру саласында, 2-уі - спорт саласында және 1-уі денсаулық сақтау саласында жасалған.

Айта кету керек, мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің (бұдан әрі – МЖӘ) көптеген жобалары әлеуметтік-экономикалық және бюджеттік мәселелерді шешуде, оның ішінде мектеп және мектепке дейінгі мекемелердің тапшылығын азайту, инвестициялар тарту, бюджетке түсетін түсімдерді ұлғайту, жаңа жұмыс орындарын құру түрінде өзінің тиімділігін көрсетті.

Қоғамдық тыңдауларға дайындық шеңберінде Астана қаласы мәслихатының депутаттары (бұдан әрі - Мәслихат депутаттары) бірқатар МЖӘ объектілерін, соның ішінде ақылы автотұрақтарды, қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу зауытын, Гуманитарлық колледжді, Паралимпиадалық орталықты және «Тарлан» мұз аренасын көріп қайтты.

Объектілерді аралау қорытындысы бойынша депутаттар «Мүмкіндіктері шектеулі азаматтар үшін паралимпиадалық жаттықтыру орталығы» мен «Тарлан» мұз аренасының қызметін ұйымдастыру» жобасы табысты іске

асырылып жатқан жобалардың бірі болып табылатынын атап өтті. Бұл жобаны іске асыру халықтың мобильділігі төмен топтары арасында бұқаралық спортты дамытуға, мүгедек адамдарды әлеуметтік оқшаулықтан шығаруға, қоғамда гуманизмді дамытуға және ерекше физикалық қажеттіліктері бар адамдарға қолдау көрсетуге тиімді әсер етеді.

Елордада белсенді дамып келе жатқан МЖӘ жобаларының бірі «Нұр-Сұлтан қаласында алты жалпы білім беретін мектептің құрылысы және оны пайдалану» жобасы болып табылады. Жоба шеңберінде 6 BINOM мектебі пайдалануға берілді, онда 24 мың бала оқиды, бұл жоба мектептер және мектепке дейінгі мекемелердегі оқушы орындары тапшылығының төмендеуіне әсер етті. Қысқа мерзім ішінде мектептер белгілі бір жетістіктерге жетті. 600-ден астам оқушы қалалық, республикалық және халықаралық деңгейдегі түрлі шығармашылық, спорттық, зияткерлік жарыстарда, конкурстар мен олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болды.

Ақылы тұрақ кеңістігін құру есебінен көше-жол желісін жеңілдетуді қамтамасыз ету және жол жүрісі қауіпсіздігін ұйымдастыру және арттыру мақсатында қала аумағында 10 мың тұрақ орнын құруды көздейтін «Астана қаласының ақылы автотұрақ кеңістігін құру, пайдалану және басқару» жобасы іске асырылуда. Бүгінгі таңда Жеке серіктес 7000 тұрақ орнын жабдықтады.

Сонымен қатар, 2022 жылдың қазан айында Астана қаласының прокуратурасы «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ мен «Астананың тұрақ кеңістігі» ЖШС арасында қаланың тұрақ кеңістігін құру, пайдалану және басқару бойынша жасалған шарттың заңдылығын талдап, бұзушылықтарды жою бойынша ұсыным шығарды. Осы ұсынымға сәйкес шарт бойынша Мемлекеттік әріптес тарапынан тиісті ведомстволық бақылаудың жоқ екендігі анықталған, сондай-ақ мемлекет кірісіне ақшалай қаражаттың түсуін бақылау, төлем тарифін төмендету және т.б. тетіктерді әзірлеу жөніндегі мәселелерді шешу қажет етіледі.

2023 жылғы желтоқсанда «Нұр-Сұлтан қаласында фото-бейнетіркеу және бейнеталдау аппараттық-бағдарламалық кешенін құру және пайдалану» (Сергек) жобасы бойынша шарттың қолданылу мерзімі аяқталады. Бұл ретте, Мәслихат депутаттарының бастамасы бойынша қолданыстағы жобаны іске асыру бойынша бар тәжірибені ескере отырып, жаңа жобаны дайындау, әзірлеу және енгізу бойынша жұмыс 2022 жылдан бастап жүргізілуде. Мәселен, 2024-2029 жылдарға арналған «Астана қаласында фото-бейнетіркеу және бейнеталдау аппараттық-бағдарламалық кешенін дамыту және пайдалану» мемлекеттік инвестициялық ұсынысының конкурстық құжаттамасын (бұдан әрі - Конкурстық құжаттама) сапалы және ашық әзірлеу мақсатында, Конкурстық құжаттаманы әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы құрылды, оның жұмысына Мәслихат депутаттары белсенді қатысуда. Депутаттардың ұсыныстары мен ұсынымдары бойынша Конкурстық құжаттама бейне ағындарын тарату үшін меншікті байланыс арналарын (ТОБЖ) салуды; доплер радарымен жылдамдық өлшегіштерді қолдануды; жалпы бақылау камералары үшін бейнеталдауды енгізуді; жеке білім беру объектілерінің, қаланың стратегиялық объектілерінің, сауда-ойын-сауық орталықтарының камераларын интеграциялауды; әкімшілік құқық

бұзушылықтарды тіркеудің жаңа түрлерін және басқаларды көздеуі және қамтуы тиіс.

Ағымдағы жылдың тамыз айында «Астана қаласы әкімдігінің көлік қызметін көрсету жөніндегі мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің сервистік келісімшарты» шартының қолданылу мерзімі аяқталады. Көлік қызметін көрсетудің сервистік келісімшартының шарттары елорда бюджетінің бұрынғы шығындарынан 40 % - ға жуық үнемдеуге мүмкіндік берді. Жобаны енгізу арқылы шығындар жылына орта есеппен 345 млн. теңгеге дейін төмендеді. Сонымен қатар, жобаны іске асыру барысында бірқатар проблемалық мәселелер орын алды: қарбалас уақытта және қолайсыз ауа-райында автокөліктерді беруді кешіктіру; автомобильдер салонының қанағаттанарлықсыз жағдайы; сервистің төмен деңгейі; ескірген автокөлік паркі; электрондық төлем терминалдарының болмауы.

«Зияткерлік технологияларды пайдалана отырып Нұр-Сұлтан қаласындағы «Қазақстан» спорт сарайын жаңғырту және кейіннен пайдалану» МЖӘ жобасы өте баяу іске асырылуда. Осы жоба бойынша МЖӘ шарты 2020 жылы жасалғанына және мемлекеттік міндеттемелер қабылданғанына қарамастан, объектіні бөлшектеуге жобалау-сметалық құжаттама (бұдан әрі – ЖСҚ) сараптамасының оң қорытындысы 2022 жылдың соңында ғана алынды. ЖСҚ алу мерзімінің созылуына, жаңғыртудың сметалық құнының ұлғаюына байланысты объектіні жаңғырту бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары басталған жоқ. Осыған орай, Жеке серіктестің қабылдаған міндеттемелерін орындамауына байланысты «Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ шартты сот тәртібімен бұзу бойынша жұмыстар жүргізуді бастады.

МЖӘ жобаларының бірі «Балабақша салу және пайдалану (№29 және 36 көшелер ауданында)» жобасы бойынша мәселе шешілмеген күйінде қалып отыр - объект пайдалануға берілген, бірақ коммуналдық меншікке тапсырылмаған және сот талқылаулары жалғасуда.

Талқылау барысында мәслихат депутаттары МЖӘ-нің кейбір жобалары өз тиімділігін көрсеткенін атап өтті, алайда бүгінде елордада жобалардың саны аз, оларды көбейту қажет. Бүгінгі таңда энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында жобалар жоқ, сондай-ақ денсаулық сақтау саласында МЖӘ әлеуеті пайдаланылмай отыр.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде талқылау қорытындысы бойынша қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың пікірлері мен ұсыныстарын ескере отырып, Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Жергілікті атқарушы органның «Астана қаласында мемлекеттік-жекешелік әріптестікті іске асыру нәтижелері» туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне:

Астана қаласы прокуратурасының ұсынымын ескере отырып, «Астана қаласының ақылы автотұрақ кеңістігін құру, пайдалану және басқару» жобасы бойынша МЖӘ шартының талаптарын қайта қарау жөнінде шаралар қабылдау; жобаға инновацияны енгізуді ескеріп және Қазақстан Республикасы

заңнамасының талаптарына сәйкес конкурс өткізе отырып, «Астана қаласы әкімдігінің көлік қызметін көрсету жөніндегі мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің сервистік келісімшарты» жаңа жобасын әзірлеу жөніндегі мәселені пысықтау;

энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, денсаулық сақтау және т. б. салаларда МЖӘ-нің жаңа жобаларын құру мүмкіндігін қарастыру;

бюджетке түсетін жүктемені азайту мақсатында мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін дамыту жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ:

2019 жылғы 19 тамыздағы № 4 «Астана қаласы Білім басқармасының «Гуманитарлық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын сенімгерлік басқаруға беру» жобасы бойынша МЖӘ шартына (бұдан әрі – Шарт) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін техникалық және кәсіптік білім беруді, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дайындауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының құны бөлігінде Шарттың қолданылу кезеңіне жеткілікті қаржыландыру шартымен өзгерістер енгізу ұсынылсын.

4. «Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ:

заңдарда белгіленген тәртіппен «Зияткерлік технологияларды пайдалана отырып Нұр-Сұлтан қаласындағы «Қазақстан» спорт сарайын жаңғырту және кейіннен пайдалану» МЖӘ жобасы бойынша жеке әріптеспен шартты бұзу ұсынылсын.

5. Мемлекеттік әріптестерге:

МЖӘ жобаларын іске асыру шеңберінде бөлінетін бюджет қаражатын және берілетін мүлікті тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

іске асырылып жатқан МЖӘ жобаларының барысы туралы БАҚ-та ақпараттық-түсіндіру жұмысын күшейту ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.


**Астана қаласы мәслихатының
бюджет, экономика, өнеркәсіп және
кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**


К. Адамбеков

**Астана қаласы мәслихатының
зандылық, құқық тәртібі және
жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**

 А. Айтхожин

Астана қаласы мәслихатының
құрылыс, экология, көлік, сауда және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы



В. Сергеев

Астана қаласы мәслихатының
әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы



А. Смағұлов